

*Бәкібаева Қаракөз Серікқызы*  
*3 курс студенті*  
*(ғылыми жетекші: з.ғ.м., аға оқытушы*  
*Асетова Гулнур Бакытовна)*

### **Кәсіпкерлердің құқықтарын медиация арқылы қорғаудың рөлі**

«Сәт сайын құбылған аласапыран заманға сай амал болуы керек. Ең жақсы жоспар – уақыт талабына бейімделе алатын жоспар. Біз де заманның беталысына қарай межелерімізді белгілеп, жоспарларымызды жөндеп отырамыз. Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру»[1].

Біздің еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Қазақстан Республикасының таяу болашақтағы дамуының сипаты Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауында жан - жақты ашып көрсетілді. Мемлекет басшысы экономиканың қозғаушы күші ретінде кәсіпкерлік саласына айрықша мән беріп келеді.

Экономикалық дамудың жаңа бағыт-бағдары айқындалған мемлекеттік бағдарламаларда белгіленгендей, әлемде орын алған дағдарыс салқынын бәсеңдетіп, дамудың жаңа белесіне көтерілуде кәсіпкерлерге жүктелетін міндет ерекше. Бұл тұрғыда үдемелі индустриалық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде өндіріс қуаттарын еселеу айрықша маңызға ие.

Жергілікті атқарушы билік тарапынан бизнес құрылымдарына әрдайым қолдау көрсетіліп, оларды инфрақұрылымдық жағынан демеуге барынша мән беріліп келеді. Сондай-ақ, мемлекеттік қаржы-несие саясаты облыстағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына тың серпін беруде. Өңірде кәсіпкерлердің несие шығындарын Үкімет есебінен субсидиялау, әкімшілік кедергілерді азайту, салық салу жүйесін жеңілдету сынды мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан жан-жақты қолдаулар тұрақты жүргізілуде.

Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қабылданған еліміздегі индустриялық жобалардың жүзеге асуы – аймақта кәсіпкерлік өрісінің кеңейе түсіп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, өнеркәсіптің жаңа салаларының қалыптасуына зор ықпал етуде.

Бұл жолдау - Қазақстанның ертеңгі күні тежеусіз дамуының кепілдігі болады деген сенімдемін.

Негізі кәсіпкерлік дегеніміз не?

Кәсіпкерлік – азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда немесе өзіндік табыс алуға бағытталған бастамашылық дербес қызметі. Кәсіпкерлікті азаматтар өз атынан, өзінің мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен немесе заңды тұлғаның (кәсіпорынның) атынан және соның жауапкершілігі кепілдігімен жүзеге асырады. Кәсіпкерлік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны арқылы айқындалатын шектегі мүліктік жауапкершілікті көздейді[2].

Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [3].

Кәсіпкерлік кез келген дамыған экономиканың ажырамас бөлігі болып табылады. Президентіміздің бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі – кәсіпкерлікті қорғау және қолдау десек, бұл мәселе осы қызметті жүзеге асыратын азаматтардың және заңды тұлғалардың негізгі азаматтық құқықтарының бірі.

Ал осы іс әрекетті жүзеге асырушы, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бүгінгі күні өзекті және мемлекеттің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 10 бабына сәйкес, мемлекет кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді. Азаматтардың,

оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [4].

Қазіргі уақытта, кәсіпкерлердің құқықтарын сапалы қорғауды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер, соның ішінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі қабылданды, осы бағыттағы бизнестің заңды мүдделерін қолдауға көптеген және мүдделі жаңалықтар енгізді.

Азаматтық заңнамамен реттелетін қатынас саласында кәсіпкерлер заңмен тыйым салынғаннан басқа кез-келген іс-әрекет жасауға құқылы. Кәсіпкерлердің құқығы мен заңды мүдделерін қорғау – бұл құқыққа қол сұқпауды қамтамасыз етуге, бұзған жағдайда және бұзу салдарын жойған кезде оны жүзеге асыруға, жандандыруға бағытталған заңмен қарастырылған іс-шаралар жүйесі. Қазақстан Республикасының Заңы құқықты қорғайтын органдарды, қорғау құралдарын (тәсілдерін) және қорғау тәртібін белгілейді – соттық қорғау және соттан тыс баламалы тәсілдер.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңтайлату, оны басын артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей жолдарды қарастыру қажет» деп көрсетілген.

ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғау

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де тәртіппен (төрелік, медиация, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл, омбудсмен, келіссөздер, наразылық тәртіп және өзгелер) жүзеге асырылуы мүмкін [3].

Соның ішінде қазіргі таңда медиацияның басымдылығы сөзсіз. Медиатор – соттан тыс кәсіпқой бітімгер және судьяның көмекшісі болып табылмайды. Бұл қақтығыстарды шешудің жеке және заңды тұлғалар үшін шығыны аздау, психологиялық тұрғыдан біршама ыңғайлы балама тәсілі.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданып, бүгінгі күні елімізде жүзеге асырылуда. «Медиация туралы» Заңы Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды оны жүргізу қағидастары мен рәсімін реттейді. Заң медиаторлардың және медиацияны өткізуді қамтамасыз ететін ұйымдардың құқықтық ережесін реттейді, медиаторларға ұсынылатын талаптардың мазмұнын айқындайды, белгілі бір жағдайларда медиаторларға қарсылық білдіруді қарастырады, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастар саласындағы медиацияны және өткізілетін қылмыстық сот ісі медиациясының ерекшелігін қарастырады.

Медиация процедурасы бұл - тараптардың еріктерімен келісім бойынша іске асырылатын өзара тиімді шешімдірге қол жеткізу мақсатында медиаторлардың қолдауымен тараптар арасындағы жанжалдар мен дау-дамайларды реттеу процедурасы деп аталады [5].

Кәсіпкерлік субъектілері арасында медиация жүргізу тараптардың өзара келісімі бойынша және олардың арасында медиация туралы шарт жасалған кезде жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік субъектілері қатысатын азаматтық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды реттеу кезінде медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талап-арызды қабылдағаннан кейін де қолданылуы мүмкін [3].

Медиация жүргізудің тәртібі мен шарттары егжей - тегжейлі "Медиация туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделеді. Медиация - тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге

қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі [6].

Медиация тақырыбы іскер ортада ерекше өзекті, себебі кәсіпкерлер қандай да бір дауларға жиі тартылып жатады. Ал оларды сотқа жеткізбей шешуге болады (себебі сотта жүруге барлығының бірдей уақыты бола бермейді). Мұндай жағдайда дауларды медиаторларды тарту жолымен баламалы түрде шешу біршама тиімді әдіс болып табылады.

Ол кәсіпкерлік ортада біршама жарамды. Онда барлық даулы мәселелерді ешкімге залал келтірместен, жылдам әрі сотқа дейін шешу білігі қажет болады.

Бүгінде төреші судья ғана емес, қақтығыстарды медиация көмегімен шешуге арналған маман рөлін де алады. Ол медиация процедурасына үшінші, бейтарап, мүддесі жоқ тарап ретінде қатысады. Медиатор келіссөздер процесінде қақтығысушы тараптардың өз және қарсыласы мүддесін түсінуіне, ұстанымдарын айқындауына көмектеседі. Медиатор сонымен қатар тараптарды дауды сындарлы әрі екі жаққа да қолайлы шешу жолдарын іздеуге жетелейді және тараптардың қақтығыстардың барлық қатысушыларының көңілінен шығатын шешім табуға көмектеседі.

Тараптар медиаторлар көмегіне жүгіне отырып, материалдық шығындарға ұшырамайды, себебі сотқа жүгіну адвокат қызметіне төлем жасауды ғана емес, мемлекеттік баж төлеуді шамалайды, ал оның өзі бүкіл сатыларда жүреді. Сонымен қатар, бизнес бойынша серіктестермен қақтығыс жағдайында медиаторлар көмегімен олармен қарым-қатынасты сақтап қалуға болады. Бұл да маңызды дүние.

Медиация тараптар ұстанымдарымен жұмыс жасамайды, ол тараптар мүддесімен жұмыс жасайды.

Кәсіпкерлер арасындағы дау-дамайларды медиация арқылы шешудің тиімді тұстары көп. Мысалы, іс сотқа берілер болса, дау жария болып кетеді, ал медиация арқылы дауды өзара келісіп, жария қылмай шешуге болады, өз кезегінде бұл серіктестерге іскерлік қарым-қатынасты одан әрі жалғастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, сотта істің қаралу мерзімі ұзап кетуі де

мүмкін, ал медиация арқылы дауды шешу мерзімін қысқартуға болады.

Қоғамдағы жанжалға бейімділік деңгейін төмендету жөнінде тиісті ұсыныстар тұжырымдау, құқықтық мәдениетті арттыру, соттар қарайтын қылмыстық және азаматтық істерді қысқарту мақсатында дауларды шешудің баламалы тәсілдерін, оның ішінде медиацияны кеңінен қолдану өте тиімді. Осы орайда қорытындылай келе айтар болсақ, кәсіпкерлік дауларды шешуде соттан тыс баламалы тәсілдерді қолдану, оның ішінде медиация туралы кәсіпкерлер арасында кеңейтілген үгіт - насихат жүргізу жұмыстарын жетілдіруді алға қою керек деген түйін жасаймыз. Себебі, келіссөздер жүргізудің әр түрлі стильдерін қолдануға мүмкіндік береді; бейтарап ызаланбаған делдалдың (медиатордың) қатысуының негізіндегі келіссөздер тараптар арасындағы дауды шешуді жеңілдетеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30.11.2015// [www.akorda.kz/kz/special/addresses/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2015-zhylgy-30-karasha](http://www.akorda.kz/kz/special/addresses/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2015-zhylgy-30-karasha)
2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008.-274 б.
3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ // [adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375)
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жыл 27 желтоқсан (2016.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>
5. Шамаева Н. «Медиация туралы» Заңы қолданыста//Заң және заман.-2011.-№8.-С.68-70 б.
6. Медиация туралы Қазақстан Республикасының 2011жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>